



Қанафин Сұлтанбек

1922 жылы Торғай уезі Қараторғай болысы Үрпек ауылында дүниеге келген. 1941 жылы қазан айында Торғай АӘК-нан әскерге шақырылып, 219-атқыштар полкі құрамында Украина майданында қатардағы жауынгер болған. 1945 жылы әскер қатарынан босап елге келген. Жауынгерлік ерлігі үшін I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін». «1941-1945

жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуковтың медальдарымен марапатталған. Иманов совхозында әр салада жұмыстар істеген. 1995 жылы желтоқсан айында қайтыс болған.

